

Батыс Қазақстан облысы
Казталов ауданы
"Нұрхан" ЖК
Балбөбек жеке бөбекжайы.

Бекітемін:

«Балбөбек» жеке бөбекжайының директоры: А.А.Төлеуғалиев



"Айшуақ" әжелер мектебінің жұмыс жоспары

2023-2024 оқу жыл

«Балбөбек» жеке бөбекжайы 2023-2024оқу жылына «Айшуақ» әжелер мектебі үйірмесінің жылдық жұмыс жоспары

№с	Айлар	Тақырыбы	Мақсаты мен мазмұны	Өткізу форматы	Жауапты
	Қыркүйек	«Шаңырақтың алтын дінгегі»..	Отбасы құндылықтары, үлкенді сыйлау, туыстық атауларды (нағашы, жиен, бөле, апа, іні т.б.) үйрету	Сабак-әңгіме, «Менің шежірем» сурет көрмесі	Тәрбиешілер, ата-аналар
	Казан	Әжемнің алтын сөздері — тәрбие көзі»	Тыйым сөздердің мән-мағынасын түсіндіру («Малды теппе», «Үйге қарай жүгірме», «Нанды шашпа» т.б.).	«Тәрбиелі бала — ел мақтанышы» атты сұрақ-жауап кеші.	Тәрбиешілер, ата-аналар
3.	Қараша	«Ескінің көзі, жаңаның өзі — құрақ көрпе»	Құрақ құрау өнерінің философиясын (бірлік, татулық символы) түсіндіру. Түстерді ажырату.	Шығармашылық шеберхана: «Түрлі-түсті құрақтар» (қағаздан қиып жасау).	Тәрбиешілер, ата-аналар
4.	Желтоқсан	«Әжем айтқан батырлар жыры»	Ұл балаларды батырлыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу. Батырлар жырынан үзінді тыңдату.	«Ер елінің қорғаны» атты ұлдармен кездесу кеші.	Тәрбиешілер, ата-аналар
5.	Қаңтар	«Әжемнің шипалы емі және денсаулық»	Қысқы уақытта ауырмаудың жолдары, табиғи дәрумендер, шөп шайлар мен ұлттық емдік шипалар туралы айту.	«Денсаулық — зор байлық» дөңгелек үстелі, шөп шайдан дәм тату.	Тәрбиешілер, ата-аналар
6.	Ақпан	«Бүгінгі күннің әжесі қандай?»	Әжелердің заманауи қолөнермен, технологиямен және немере тәрбиесімен байланысы.	«Сегіз қырлы, бір сырлы әжелер» атты әжелердің өз өнерлерін көрсету сайысы.	Тәрбиешілер, ата-аналар

7.	Наурыз	«Наурыз көже — береке бастауы»	Ұлттық тағамдардың жасалу жолы. Наурыз көженің 7 түрлі дәмнен тұратынын түсіндіру. Көженің жасалуын көрсету.	«Ақ мол болсын!» дәм тату рәсімі.	Тәрбиешілер, ата-аналар
8.	Сәуір	«Жер — ана, табиғат — пана»	Балаларды еңбекке баулу, табиғатты аялау. Бірге гүл егу, ағаш отырғызу ерекшеліктерін үйрету.	Эко-акция: «Әжеммен бірге гүл егемін».	Тәрбиешілер, ата-аналар
9.	Мамыр	«Әжелер мектебі — өнеге мекені»	9 ай ішіндегі жұмыстарды қорытындылау. Немерелердің әжелерден үйренгенін көрсетуі.	Шығармашылық есеп беру кеші, фото-презентация.	Тәрбиешілер, ата-аналар

2 (екі) бет нөмірленіп, баумен
тігілді, мөрленді

«Нұрхан» ЖК жетекшісі А.А. Төлеуғалиев



Казталовка ауданы Көктерек ауылы "Нұрхан" ЖК

«Балбөбек» жеке бөбекжайы.

Диспут

Тақырыбы:

«Әжемнің алтын сөздері- тәрбие көзі»

(Айшуақ әжелер мектебі)

Тәрбиешілер: Дания Гаділбекқызы

Жансая Ермекқалиқызы

2023-2024 оқу жылы

Диспут

Тақырыбы:

«Әжемнің алтын сөздері – тәрбие көзі»

Мақсаты:

- Әженің отбасы мен бала тәрбиесіндегі ерекше орнын насихаттау;
- Ұлттық салт-дәстүр мен рухани құндылықтарды дәріптеу;
- Ата-аналар мен әжелердің тәрбиелік тәжірибесін ортаға салып, пікір алмасуына мүмкіндік жасау.

Міндеттері:

- Отбасындағы тәрбиенің маңызын түсіндіру;
- Әже өнегесін жас ұрпаққа үлгі ету;
- Бөбекжай мен отбасы арасындағы байланысты нығайту.

Қатысушылар: әжелер, ата-аналар, тәрбиешілер.

Көрнекіліктер: нақыл сөздер, мақал-мәтелдер, отбасы суреттері, ұлттық бұйымдар, презентация.

Диспуттың барысы

I. Кіріспе бөлім

Жүргізуші:

Қайырлы күн, қадірлі әжелер, ата-аналар және әріптестер!

Бүгінгі «Әжемнің алтын сөздері – тәрбие көзі» атты диспутымызға қош келдіңіздер!

Қазақ халқында «Әже – үйдің құты», «Қариясы бар үйдің қазынасы бар» деген дана сөздер бекер айтылмаған. Әженің әлдіі, ақылы, батасы мен өнегесі – бала тәрбиесінің мәңгілік мектебі. Әже тәрбиесін көрген бала үлкенді сыйлауды, кішіні құрметтеуді, туған жері мен елін сүйуді бойына сіңіреді.

Бүгінгі кездесуде ұлттық тәрбиенің мәні, әженің өмірлік тәжірибесі және қазіргі бала тәрбиесі туралы өзара пікір алмасамыз.

II. Диспут бөлімі

I-сұрақ

«Қазіргі қоғамда әженің тәрбиесі бұрынғыдай қажет пе?»

Қатысушылар өз пікірлерін білдіреді.

Жетекші қорытындылайды:

Қандай заман болса да, әженің мейірімі, ақылы мен өмірлік тәжірибесі ешқашан өз құндылығын жоғалтпайды. Заманауи технология өзгергенімен, адамгершілік тәрбиесі өзгермейді.

2-сұрақ

«Әже тәрбиесі мен ата-ана тәрбиесінің айырмашылығы қандай?»

Пікір алмасу.

Қорытынды:

Ата-ана – баланың алғашқы ұстазы болса, әже – өмір мектебінің даналығы. Екеуінің тәрбиесі бірін-бірі толықтырғанда ғана бала жан-жақты қалыптасады.

3-сұрақ

«Әжеңізден естіген қандай алтын сөз есіңізде қалды?»

Қатысушылар өз әжелерінен естіген нақыл сөздермен бөліседі.

Мысалы:

- «Үлкенді сыйлағанның ырысы артады.»
 - «Жақсы сөз – жарым ырыс.»
 - «Еңбек етсең – емерсің.»
 - «Бірлік бар жерде – тірлік бар.»
 - «Адал адам ешқашан ұтылмайды.»
-

Сергіту кезеңі

«Мақалды жалғастыр» ойыны

Жүргізуші мақалдың басын айтады.

Қатысушылар аяқтайды.

Мысалы:

- Отан — ...

- Ана көрген — ...
 - Әдепті бала — ...
 - Үяда не көрсен — ...
-

III. Ашық пікір

Қатысушыларға сұрақтар:

- Бала тәрбиесінде қандай ұлттық дәстүрді жиі қолданасыз?
- Қазіргі балаларға ең жетіспейтін қасиет қандай?
- Әже тәрбиесінің қай тұсын бүгінгі жастар көбірек пайдалануы керек?

Қатысушылар өз тәжірибелерімен бөліседі.

IV. Қорытынды

Жүргізуші:

Бүгінгі диспутта әже тәрбиесінің баға жетпес құндылық екеніне тағы бір мәрте көз жеткіздік.

Ұлы тұлға Бауыржан Момышұлы:

«Бесігіңді түзе, сонда еліңді түзейсің» деген.

Ал бесіктің басында отырған ең алғашқы тәрбиешілердің бірі – ақ жаулықты әже.

Әжеміздің әрбір ақылы – өмірлік сабақ, әрбір батасы – ұрпаққа берілген рухани мұра. Сол мұраны сақтап, келер ұрпаққа жеткізу – бәріміздің ортақ міндетіміз.

Баршаңызға белсенді қатысқандарыңыз үшін алғыс айтамыз! Отбасыларыңызға амандық, бірлік, береке, немере қуанышы тілейміз!

Қорытынды сөз:

«Әже өнегесі – ұлт тәрбиесінің алтын қазығы. Әжемнің алтын сөздері әр баланың жүрегінде мәңгі сақталсын!»



Қағалық ауданы Көктерек ауылы "Нұрхан" ЖК
«Балбөбек» жеке бөбекжайы.

Дөңгелек үстел

Тақырыбы:

«Шаңырақтың алтын діңгегі»

Тәрбиешілер: Т.Т.Қабдықалықова

Т.К.Жумағалиева

2023-2024 оқу жылы

Дөңгелек үстел

Тақырыбы:

«Шаңырақтың алтын дінгегі»

Мақсаты:

Отбасы құндылықтарын дәріптеу, әжелер мен ата-аналардың бала тәрбиесіндегі рөлін арттыру, бөбекжай мен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Қатысушылар:

- Бөбекжай меңгерушісі
- Тәрбиешілер
- Әжелер
- Ата-аналар

Өту барысы

1. Кіріспе сөз

Құрметті әжелер, ата-аналар және қонақтар! Бүгінгі «Шаңырақтың алтын дінгегі» атты дөңгелек үстелімізге қош келдіңіздер! Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі. Бала бойына ұлттық құндылықтарды, адамгершілік қасиеттерді сіңіруде ата-анамен қатар, әженің ақылы мен тәрбиесінің орны ерекше. Бүгінгі кездесудің мақсаты – осы құндылықтарды бірге талқылап, тәжірибе алмасу.

2. Танысу кезеңі

Қатысушылар өздерін таныстырып, «Менің отбасымның басты құндылығы...» деген сөйлемді жалғастырады.

3. Ой бөлісу

Талқылауға арналған сұрақтар:

- Отбасындағы ұлттық тәрбиенің маңызы қандай?
- Әженің бала тәрбиесіндегі орны қандай?
- Қазіргі ата-ананың алдында тұрған басты міндеттер қандай?
- Балабақша мен отбасының бірлескен жұмысы қалай нәтижелі болады?

4. Тәжірибе алмасу

Әжелер өздерінің тәрбиелік тәжірибелерімен, отбасындағы салт-дәстүрлермен бөліседі. Ата-аналар бала тәрбиесінде қолданатын тиімді тәсілдерін айтады.

5. Сергіту сәті

«Мақалды жалғастыр» ойыны немесе отбасы, тәрбие тақырыбындағы мақал-мәтелдерді айту.

6. Қорытынды

Отбасы – қоғамның негізі, ал оның алтын дінгегі – сыйластық, мейірім, бірлік пен

жауапкершілік. Бала тәрбиесінде бөбекжай мен отбасы бірлесе әрекет еткенде ғана жан-жақты дамыған ұрпақ тәрбиелей аламыз.

Баршаңызға белсенді қатысқандарыңыз үшін алғыс білдіреміз! Отбасыларыңызға амандық, бірлік, бақ-береке тілейміз!



Казталовка ауданы Көктерек ауылы "Нұрхан" ЖК

«Балбөбек» жеке бөбекжайы.

Тақырыбы:

«Ескінің көзі жаңаның өзі»

Тәрбиешілер: Есетова Б.Б.

Мусадиева А.Н

2023-2024 оқу жылы

Тақырыбы:

«Ескінің көзі – жаңаның өзі»

«Құрақ көрпе: әже мен немере»

Мақсаты:

Қазақ халқының қолөнерінің бірі – құрақ көрпенің тарихы мен тәрбиелік мәнін таныстыру, әжелердің қолөнерін кейінгі ұрпаққа насихаттау, әже мен немере арасындағы рухани байланысты нығайту.

Міндеттері:

- Құрақ көрпенің ұлттық мұра ретіндегі маңызын түсіндіру;
- Балаларды еңбекке, ұқыптылыққа және ұлттық өнерге баулу;
- Әжелердің өмірлік тәжірибесі мен қолөнерін дәріптеу.

Қатысушылар:

Әжелер, немерелер, ата-аналар, тәрбиешілер.

Көрнекіліктер:

Құрақ көрпелер, түрлі-түсті мата қиындылары, ине-жіп, ұлттық бұйымдар, көрме.

Іс-шараның барысы

Кіріспе

Жүргізуші:

Армысыздар, құрметті әжелер, ата-аналар және бүлдіршіндер!

Бүгінгі «Ескінің көзі – жаңаның өзі» атты тәрбиелік кездесуіміздің тақырыбы – «Құрақ көрпе: әже мен немере».

Қазақ халқының әрбір қолөнер бұйымының өзіндік мәні мен тәрбиелік тағылымы бар. Соның бірі – құрақ көрпе. Құрақ құрау – тек тұрмысқа қажетті бұйым жасау ғана емес, ол – шыдамдылықтың, ұқыптылықтың, үнемшілдіктің және шеберліктің белгісі. Әжелеріміз әрбір құраққа ақ тілегін, аналық мейірімін, өмірлік тәжірибесін сыйғызған.

Әже әңгімесі

Әже құрақ көрпенің шығу тарихы мен жасалу жолы туралы әңгімелейді.

Әже сөзі:

«Біздің кезімізде ешбір мата қиындысы рәсуа болмайтын. Әр қиындыдан құрақ құрап, көрпе, жастық, тұскііз тігетінбіз. Құрақ – берекенің, бірліктің, татулықтың белгісі. Түрлі түсті бөлшектердің бірігіп әдемі өрнек құрауы – отбасының ынтымағын бейнелейді.»

Жүргізуші сұрақтары:

- Құрақ көрпе не үшін тігіледі?
- Құрақтың қандай түрлерін білесіздер?
- Әженіз сізге қандай қолөнер үйретті?
- Ұлттық қолөнерді сақтау не үшін маңызды?

Қатысушылар өз ойларымен бөліседі.

Шеберлік сағаты

Әжелер балаларға құрақтың дайын үлгілерін көрсетіп, олардың қалай құрастырылатынын түсіндіреді.

Немерелер түрлі-түсті қағаз қиындыларынан қарапайым құрақ өрнегін құрастырады.

Қорытынды

Жүргізуші:

Құрақ көрпе – халқымыздың даналығы мен шеберлігінің айғағы. Әжелерімізден қалған осындай асыл мұраны сақтау – кейінгі ұрпақтың парызы.

Бүгінгі кездесу арқылы балалар ұлттық қолөнердің қадірін түсініп, әжелердің еңбегіне құрметпен қарауды үйренді. Әже мен немере арасындағы сабақтастық – ұлттық тәрбиенің алтын арқауы.

Баршанызға қатысқандарыңыз үшін алғыс білдіреміз! Әр шаңыраққа береке, бірлік, молшылық, ал әжелерімізге ұзақ ғұмыр мен немере қызығын тілейміз!

Қорытынды сөз:

«Құрақ көрпе – өткеннің онегесін бүгінмен жалғазан ұлттық мұра. Әже қолының жылуы мен ақылы ұрпақ жүрегінде мәңгі сақталсын!»



Батыс Қазақстан облысы
Казталов ауданы
"Нұрхан" ЖК
«Балбобек» әсеке бобекәсайы

Шығармашылық шеберхана

Тақырыбы:

*«Наурыз көже – береке
бастауы»*

(Дастархан жаяу)

Тәрбиешілер: Д.Г.Исмагулова

Ж.Е. Айсаятшева

2023-2024 жыл

Шығармашылық шеберхана

Тақырыбы:

«Наурыз көже – береке бастауы»

(Дастарқан жасау)

Мақсаты:

Балаларды қазақ халқының Наурыз мерекесінің салт-дәстүрлерімен таныстыру, Наурыз көженің маңызын түсіндіру, ұлттық дастарқан мәдениетін насихаттау және әжелердің өнегесі арқылы ұлттық құндылықтарға құрмет сезімін қалыптастыру.

Міндеттері:

- Наурыз көженің жеті түрлі дәмнен дайындалатынын түсіндіру;
- Ұлттық тағамдар мен дастарқан әдебін таныстыру;
- Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- Әже мен немере арасындағы ұлттық тәрбиені дәріптеу.

Қатысушылар:

Әжелер, ата-аналар, тәрбиешілер, мектепалды топ тәрбиеленушілері.

Көрнекіліктер:

Қазақы дастарқан, кесе, тостаған, бауырсақ, құрт, ірімшік, наурыз көже, ұлттық оюлар, тағамдардың суреттері.

Шеберхананың барысы

I. Кіріспе бөлім

Жүргізуші:

Қайырлы күн, құрметті әжелер, ата-аналар және бүлдіршіндер!

Бүгінгі «Наурыз көже – береке бастауы» атты шығармашылық шеберханасына қош келдіңіздер!

Наурыз – жаңару мен жақсылықтың, татулық пен молшылықтың мерекесі. Бұл күні әр шаңырақта ақ дастарқан жайылып, Наурыз көже дайындалады. Халқымыз Наурыз көжені тоқшылықтың, бірліктің және ырыстың белгісі деп санаған.

II. Әже әңгімесі

Әже Наурыз көженің дайындалуы туралы әңгімелейді.

Әже сөзі:

«Наурыз көже жеті түрлі дәмнен әзірленеді. Жеті саны қазақ халқында қасиетті саналған. Көжеге су, ет, тұз, май, жарма, сүт немесе айран, тары не бидай сияқты дәнді дақылдар қосылады. Бұл – жыл бойы ырысымыз мол, дастарқанымыз тоқ болсын деген ақ ниеттен туған дәстүр.»

III. Шығармашылық жұмыс «Дастарқан жаямыз»

Балалар әжелерімен бірге ұлттық дастарқанды безендіреді.

Дастарқанға:

- бауырсақ;
- құрт;
- ірімшік;
- май;
- жент;
- қымыз немесе шұбаттың үлгісі;
- Наурыз көже қойылады.

Әжелер әр тағамның мәнін түсіндіріп береді.

IV. Ойын «Дастарқанға не қоямыз?»

Балаларға ұлттық тағамдардың және басқа заттардың суреттері ұсынылады.

Тапсырма:

Ұлттық дастарқанға қойылатын тағамдарды таңдап орналастыру.

Ойын соңында балалар әр тағамның атауын айтып шығады.

V. Қорытынды

Жүргізуші:

Бүгінгі шеберханада балалар Наурыз көженің дайындалу жолын, ұлттық дастарқанның ерекшелігін және қазақ халқының қонақжайлық дәстүрін таныды.

Ұлттық тағамдар – халқымыздың мәдениеті мен тарихының ажырамас бөлігі. Осындай дәстүрлерді бала бойына кішкентайынан сіңіру – отбасы мен бөбекжайдың ортақ міндеті.

Құрметті әжелер, өз тәжірибелеріңізбен бөлісіп, балаларға ұлттық тәрбиенің үлгісін көрсеткендеріңіз үшін шын жүректен алғыс айтамыз!

Баршаңызға денсаулық, бірлік, молшылық және әр шаңыраққа құт-береке тілейміз!

Қорытынды сөз:

«Ақ дастарқан – берекенің белгісі, ал Наурыз көже – бірлік пен молшылықтың бастауы. Ұлттық дәстүріміз ұрпақтан ұрпаққа жалғаса берсін!»



Казталов ауданы "Нұрхан" ЖК

«Балбөбек» жеке бөбекжайы

Тақырыбы:

«Әжем айтқан батырлар жыры»

Тәрбиешілер: Жазира Мұхитқызы

Ардақ Жебегенқызы

2023-2024 жыл

Әңгімелесу кешінің әзірлемесі

Тақырыбы:

«Әжем айтқан батырлар жыры»

Мақсаты:

- Балаларды қазақ халқының батырлар жырымен таныстыру;
- Әжелердің ұлттық тәрбиедегі рөлін дәріптеу;
- Батырлар жыры арқылы балалардың Отанға деген сүйіспеншілігін, ерлікке, батылдыққа тәрбиелеу;
- Отбасы мен бөбекжай арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Міндеттері:

- Батырлар жырының тәрбиелік мәнін түсіндіру;
- Әжелердің ауыз әдебиетін ұрпаққа жеткізудегі еңбегін насихаттау;
- Балалардың сөздік қорын, қызығушылығын дамыту.

Қатысушылар:

Әжелер, ата-аналар, тәрбиешілер, мектепалды топ тәрбиеленушілері.

Көрнекіліктер:

Қазақ батырларының суреттері, ұлттық бұйымдар, кітап көрмесі, домбыра, батырлар туралы иллюстрациялар.

Кештің барысы

I. Кіріспе бөлім

Жүргізуші:

Армысыздар, құрметті әжелер, ата-аналар, қонақтар!

Бүгінгі «Әжем айтқан батырлар жыры» атты әңгімелесу кешіне қош келдіңіздер!

Қазақ халқы ұрпағын батырлыққа, елін қорғауға, адалдық пен адамгершілікке тәрбиелеуде батырлар жырын ерекше бағалаған. Бұрынғы кезде кешкілік от басында әжелер немерелеріне «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр» сияқты жырларды айтып, олардың бойына ерлік пен елжандылық қасиеттерін дарытқан.

Әже әңгімесі – халық даналығының қайнар көзі. Сол рухани мұраны бүгінгі ұрпаққа жеткізу – біздің ортақ міндетіміз.

II. Әңгімелесу бөлімі

Әжеңіздің әңгімесі

Шақырылған әже өз балалық шағында естіген батырлар жыры туралы әңгімелейді.

Үлгі сұрақтар:

- Сізге бала кезіңізде қай батырлар жыры жиі айтылатын еді?
- Ол жырдан қандай өнеге алдыңыз?
- Қазіргі балаларға батырлар жырын тыңдатудың маңызы қандай?

Батырлар туралы әңгіме

Жүргізуші:

Біздің халқымыздың мақтанышы болған батырлар елін қорғап, халқына адал қызмет еткен.

Балаларға таныстырылатын батырлар:

- Алпамыс батыр – ер жүрек, адал батыр.
- Қобыланды батыр – туған жердің қорғаны.
- Ер Тарғын – батыл әрі әділ батыр.
- Қамбар батыр – еңбекқор әрі қайсар.

Олардың бойындағы ерлік, адалдық, мейірімділік қасиеттері бүгінгі ұрпаққа үлгі болып қала береді.

Балалардың қатысуы

Балалар кезекпен:

- батырлар туралы тақпақтар айтады;
- Отан туралы өлеңдер оқиды;
- «Батыр болам» әнін орындайды.

III. Пікір алмасу

Жүргізуші қатысушыларға сұрақтар қояды.

Әжелерге:

- Немерелеріңізге қандай ертегі немесе батырлар жырын айтып бересіз?
- Батырлар жырының тәрбиелік мәні неде?

Ата-аналарға:

- Үйде балаларға қазақ ертегілері мен жырларын оқисыздар ма?
- Баланың ұлттық тәрбиесінде отбасының рөлі қандай?

Қатысушылар өз ойларымен бөліседі.

IV. «Әжемнің батасы»

Кеш сонында әжелер балаларға ақ батасын береді.

Бата үлгісі:

*Азамат болып ер жеткін,
Еліңді сүйіп елге өткін.
Білімді, өнерлі болғайсың,
Жақсылық жолын таңдағайсың.
Аман болып өсіңдер,
Еліміздің мақтаны болыңдар!
Әумин!*

V. Қорытынды

Жүргізуші:

Бүгінгі кешіміз арқылы батырлар жырының тек әдеби мұра ғана емес, жас ұрпақты тәрбиелейтін рухани қазына екенін тағы бір сезіндік.

Әже айтқан әрбір жыр – тарихтың үні, елдіктің белгісі, ерліктің өнегесі. Осындай асыл мұраны ұрпақтан ұрпаққа жеткізу – баршамыздың қасиетті борышымыз.

Құрметті әжелер, бүгінгі кешімізге келіп, өз естеліктеріңізбен, өнегелі әңгімелеріңізбен бөліскендеріңіз үшін алғыс айтамыз!

Отбасыларыңызға амандық, бірлік, ұрпақтарыңызға жарқын болашақ тілейміз!

Қорытынды сөз:

«Батырлар жыры – халықтың рухы, ал әже әңгімесі – сол рухты ұрпақ жүрегіне жеткізетін алтын көпір.»



